

**Әйтеке би ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшерін жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктеріне қарай айқындау туралы**

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 26 маусымдағы № 112 қаулысы және Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 60 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 8376 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1-бабының 2-1-тармағына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Әйтеке би аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Әйтеке би ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшері жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы бірлескен қаулы және шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешімнің орындалуын бақылау Әйтеке би ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы  
Әйтеке би аудандық  
мәслихатының төрағасы*

*А. Алдабергенов*

*Б. Сейлханов*

*"Әйтеке би ауданы Әкімінің  
аппараты" ММ 2023 жылғы  
26 маусымдағы № 112 мен  
Әйтеке би аудандық  
мәслихаттың 2023 жылғы  
26 маусымдағы № 60 бірлескен  
қаулы және шешіміне қосымша*

**Әйтеке би ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі**

**конкурса шығарылатын жер учаскелерінің жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктеріне қарай ең жоғары мөлшері**

№	Ауылдық округтер атаулары	А у ы л шаруашылығы алқаптарының көлемі, гектар	оның ішінде		
			егістік	шабындық	жайылым
1	Ақтасты	5000	1000	-	4000
2	Аралтоғай	4000	-	-	4000
3	Ақкөл	7000	-	-	7000
4	Әйке	5000	1000	-	4000
5	Жамбыл	5000	1000	-	4000
6	Жабасак	7000	-	-	7000
7	Қарабұтақ	10000	-	-	10000
8	Қайрақты	7000	-	-	7000
9	Қызылжұлдыз	5000	-	-	5000
10	Темірбек Жүргенов	5000	1000	-	4000
11	Құмқұдық	5000	1000	-	4000
12	Тұмабұлақ	10000	-	-	10000
13	Сарат	5000	-	-	5000
14	Сұлукөл	5000	1000	-	4000
15	Үшқатты	-	-	-	-